

Зарқын Тайшыбай, академик. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.

Шындық түбі құжатта

Қағаз арасында сақталған, бабаларымыз туралы кейбір архив деректерін қазіргі ұрпаққа таныстырмақ ойым бар. Әлбетте, «анау айтты, мынау айттыдан» гөрі жазба деректер құнды болатыны түсінікті.

Қаздауысты Қазыбек бидің тұңғышы, кезінде Абылай ханмен иық теңестіріп, бақ таластырған қаракесек-шаншар Бекболат би болса, оның қалмақ әйелінен туған Тіленші би. Ел арасында «Тіленшінің нағашысы Еренші, немесе Еренжі қалмақ» дейтін сөздерді естігенбіз. Бұл күнде қазақ-қалмақ қатынастарын зерттеп жүргенімде, Қытай басып алған Жоңғар хандығының жоғын жоқтаушы Еренцин деген ноянның Орта жүз қаракесектерге келіп паналағаны, Қаздауысты Қазыбек бидің қол астында болғаны және қазақтарға опасыздық жасап, жаулық көрсетіп, қайта қашқаны, осы күнгі Ботақара маңында қолға түскені туралы деректерге қарап, Тіленшінің нағашысы, яғни қалмақ құдамыз сол болды-ау, деп жобаладым. және, жобам теріс емес те сияқты.

Тіленшінің тұңғышы - Тоқсанбай би 78 жастамын деп, 1849 жылы қағазға түскен. 1849 жылы Әйби-ке-Шаншардың болысы, 1826 жылы капитан шені берілген, 1830 жылдан майор. Жайлау-қыстауы Алшынбаймен бірге болған.

Ал, Қазыбек бабамыздың тоқан жасында көрген немересі осы Тоқсанбай екенін білеміз. Демек, Тоқсанбайдың туған жылы арқылы бабамыздың өмір сүрген жылдарын дәлірек жобалауға мүмкіндік бар. Тоқсанбай 1771 жылы туған десек, бабамыз бұл жылдары тірі болады да, 1663, 1666 жылы қайтыс болды, деп жүргеніміз күмән туғызады. Бұл - бірінші дерек.

Бұл күмәнді сейілтіп, дәлел іздеп, тағы да архивке жүгінеміз. Абылай хан тарихын зерттеуді жалғастыру үстінде, ХҮІІІ ғасырдағы архив құжаттарын тексеру барысында Омбыдан табылған 1775 жылғы 28 қазанда жазылған құжатта қаракесектің Қазыбек биі мен оның ұлы Бекболат билердің Абылай ханды ренжіткені туралы айтылған. Шоқан Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының директоры

Зиябек Қабылдинов 2020 жылғы 23 қыркүйекте хабарлаған құжатты біз де оқып, талдадық.

1775 жылы 28 қазанда Ямышев бекінісінің (Ертіс бойында, қазіргі Павлодар облысы жерінде) бастығы, капитан М Лебедин Сібір корпусының командирі, генерал-поручик И.Деколонгке жазған рапортында бекініске Төребатыр Орманчин сұлтанның келіп, Абылай хан мен Қаракесек болысының ел ағасы Қазыбек би, оның ұлы Бекболат бидің адамдары Абылай ханның ұлдарының бірін сабап тастағанын және басқа да өшпенділік көрсеткенін айтқан. Бұл құжатта 1775 жылғы қазан-қараша айларында Қаздауысты Қазыбек би тірі болғанына, хат мәтінін зерттеу арқылы көзіміз

жетіп отыр. Ал, осыған дейінгі оқулықтарда бабамыз 1663-1766 жылдар шамасында қайтыс болған делінген деректер қабылданып келді. Бұл - екінші дәлел.

Тіленші Бекболатұлынан Орта жүздің соңғы билерінің бірі, азуын айға білеген Алшынбай би туады.

Қазақстанның Орталық мемлекеттік архивінде сақталған құжаттарда: «Алшынбай Тіленшіұлы (Алчинбай Тленчин) 1842 жылы 46 жаста, орташа ауқатты, ауылдың елағасы (аульный старшина), 1830 жылы патша сарайына барып, патшамен жүздескенде поручик шені берілген, 1838 жылы 28 маусымда Анна лентасына тағылған Күміс медальмен марапатталған.

Жаз жайлауы Баянауыл округіне қарасты Түндікті және Талды өзендерінің бойы, Едірей, Мыржық тауларының арасы, Семияр бекінісіне дейін» деп көрсетілген.

«Алшекең бабамыз 1849 жылы болыс басқарушысы, 49 жаста» деп жазылған құжаттар бар. Толығырақ мәліметтер 1855 жылы хатталған: «Алшынбай Тіленшин 70 жаста, Әй-бике-Шаншар болысының басқарушысы. Ұлдары: Жүсіп 33 жаста, Қақабай 20 жаста, Бепау 15 жаста, Қосық 14 жаста, Бәпи (Мәдидің әкесі) 9 жаста; қызы Айна 17 жаста», тағы бір 1865 жылғы құжатта «Алшекең 74 жаста, екі жыл заседатель болды, 1844-1857 жылдары болыс басқарды» делінген.

«Өскенбайұлы Құнанбай 1803, 1804 жылы туған» деп екі түрлі тіркелген. Айта кету керек, бұл деректер, әдетте ақы иесінің айтуымен қағазға түседі. Сондықтан, сол замандағы хатшылар мен басқалар қате жазыпты деп, күнәсін арқалауға болмас.

Ал, қаракесек-шаншарларға күйеу болып келетін Құнанбайдың жас шамасы Алшекеңдермен шамалас. Оның үстіне қазаққа да орыс патшасына да абыройлы болып тұрған қайын жұрты Алшынбайға қарсы құда болып, қарым-қуатын асыра түскені қандай жарасымды. Сондықтан ғой, Құсбек төрені сүріндіріп, Қарқаралы дуанының аға сұлтаны атанып, «қарадан хан» шыққаны.

Құнанбай мырза Алшынбай бидің тұңғышы Жүсіп мырзаның 19 жасында көрген перзенті Ділдәні Абайға айттырады. Орыс құжаттарында Ділдә апамыз 1848 жылы туған, яғни, жездеміз Ибраһим Құнанбайұлының 1845 жылы туғаны рас болса, одан екі-үш жастай кіші. Немерелерінің ішінде қыз баладан алғашқысы болғандықтан, Ділдә апамыз атасы Алшынбай бидің бауырында өскен. Сондықтан да, «Ділдә Алшынбайдың қызы» деп аталады да, қазақ салтында бетіне жан келмей, бұла болып ер жетеді.

Енді, Абайдың нағашы жағынан дерек берейік, Қаракесек-шаншар Бертис бидің ұрпағы, Ұлжан апамыздың бауырларының бірі Құнанбайдың балдызы Қазанғап Мөшекеұлы 1772 жылы туған деген құжат бар. Қазанғаптан Тәттімбет күйші туады.

Жанғұтты би Ботантаев 1803 немесе 1807 жылдары туған болып, түрліше хатталған.

